

ЖШС «БОПАЙ» БАЛАБАҚШАСЫ



Бекітемін:

«Бопай» балабақшасы
менгерушісі Жумашева Б.А.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ
ТАҚЫРЫПТАР бойынша
«Жұлдыз» мектепалды даярлық тобының
перспективалық жоспары

ПЕРСПЕКТИВТІК ЖОСПАР

«Жұлдыз» мектепалды даярлық тобы 2021 жыл қыркүйек айы.

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Тәрбиешілер:Тажикенова Г.Г

Мақсаты: Балабақша – қуаныш және сүйіспеншілік үйі екенін ,балабақша туралы және ондағы қызметкерлері туралы біледі.Достықта, топта өздерін ұстай білу ережелерін қолдана алады.Балалар сөздік қорымен байланыстырып сөйлеу қабілеттері дамыды; сөйлемдегі сөз тәртібін сақтап, дыбыстарды дұрыс айтып, балалар бойындағы адамгершілік құндылықтарын қолдана алады.

.Міндеттері: -Дидактикалық және дамытушы ойындар арқылы сөздік қорларын кеңінен қолана алады
-Балабақша – қуаныш және сүйіспеншілік үйі екенін түсіне біледі.
–Балалардың эстетикалық қабылдау қасиеттері қалыптасты және шығармашылық әрекет түрлерін көрсете алады.

Апта	Денсаулық	Қатынас	Таным	Шығармашылық	Әлеумет
	Дене шынықтыру (2,5)Қауіпсіз мінез-құлық негіздері (0,5)	Сөйлеуді дамыту (1,0) Көркем әдебиет (1,0) Сауат ашу негіздері (2,0)Орыс тілі (1,0)	Математика негіздері(1,0) Құрастыру (0,5)Жаратылыстану (1,0)	Сурет салу (1,0)Мүсіндеу (1,0)Жапсыру (1,0)Музыка (2.0)	Өзін-өзі тану (1,0)Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) *Мейірімділік пен әділдік мекені (1,0)
I-апта	Дене шынықтыру маман жоспарына сай	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс,анық айтуды біледі,айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз – г-ғ,л-р,ж-з,с-з,ж-ш,н-ң,х-һ дыбыстарын естуі бойынша ажыратады және анық айта алады .Сөздерге дыбыстық талдау	Математика негіздері Тақырыбы: Жиын Мақсаты: Бір деген ұғым бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын ажырата біледі.. Білімділік: Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігін және жиын түрлі элементтерден құрылатындығын біледі. Дұрыс әрекет рухани-	Сурет салу Тақырыбы: Заттық сурет салу Мақсаты: Балаларды елестеу және заттарғақарап гүлдер,көкіністер,жемістер, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерешеліктерін бере отырып қағаз бетіне сала алады. Түрлі түсті қарандаштары қолдана біледі.Ақиқат рухани – адамгершілік құндылығы арқылы әділдәкке, қарапайымдылыққа,	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Мен - адаммын» Мақсаты: Балаларда өз өзіне,адамдарға,әлемге деген рухани адамгершілік қатынас саласындағы бастапқы өмірлік маңызды құзыреттіліктерді қалыптастыру. Міндеті: Білімділік: Адамгершілік рухани құндылықтарды қалыптастыру

		жасау дағдыларын біледі. Дұрыс әрект рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке,сыйластыққа, ізеттілікке тәрбиелеу. Қуыршақтармен диалог арқылы әңгімелесу. 1. Сыйқырлы сәт: Қоян 2.Ойын: «Сөз ата, тез ата» 3.Картотека №4 «Бип,бип,пыш» Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Білім күні (әңгіме құрастыру) Мақсаты:Балаларға 1- қыркүйек білім күні туралы әңгімелеу. Қуанышты күн тақырыбына әңгіме құрастырып айта алады.Балалар өзара сыйластық,достық қарым-қатынасты біледі .Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін айта алады. Сүйіспеншілік рухани – адамгершілік құндылығы арқылы мейрімділікке,отансүйгіштікке,қамқорлыққа тәрбиелеу.. Өткізілу барысы: Дидактикалық ойын: «Кім болам?» Балалардың ішінен «тілші» сайланады. Тілші болып сайланған бала басқа балаларға «Болашақта кім боласың?» деген сұрақты қойып олардан сұхбат алады. Балалардың қалауы бойынша «тілші» рөлі ауысып отырады. Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Менің балабақшам. Мақсаты:Сөйлем сурет	адамгершілік құндылық арқылы турашылдыққа,әдептілікке сыйластыққа тәрбиелеу. Суреттер бойынша ұғымдарды түсіндіру. Сергіту сәт 3. № 26 «Қайда орналасқан?» Жаратылыстану Тақырыбы: Тірі және өлі табиғат Мақсаты:Тірі және өлі табиғаттың өзара байланысын айта алады. Жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігін өзгерістерге ұшыратуы мүмкін себептерді атайды. «Қызыл кітап» және оның өкілдері туралы ұғымдарға ие. Адамның жануарлар және өсімдіктер әлемін қорғау қажеттілігі туралы біледі. Қиянат жасамау рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды барлығына сүйіспеншілікпен қарау,қамқорлыққа,тәртіпке тәрбиелеу. Тосын сый: Күз ханшайымы «Жұбын тап» ойыны. Д/О: Не өзгерді?	жауапкершілікке тәрбиелеу. 1.Сикырлы қылқалам қонақта. 2.«Пішіндерді жандандыр» шығармашылық тапсырма. 3.Көрме ұйымдастыру. Мүсіндеу Тақырыбы: Заттық мүсіндеу «Жемістер»Мақсаты:Балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестеу арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды,көкіністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді пайдалану арқылы жемістерді мүсіндей біледі. Ішкі тыныштық рухани – адамгершілік құндылығы арқылы ұқыптылыққа,шыдамдылыққа,сабырлыққа тәрбиелеу. 1 Мақал мәтелдер 2.Көрме ұйымдастыру 3.картотека №4 «Жылы және суық түстер» Жапсыру Тақырыбы: Күзгі жапырақтар Мақсаты:Мазмұнды композиция құрауды біледі. Бейнелерді беруде түстердің үйлесімділігін сезіне алады.Қиянат жасамау руханиадамгершілік құндылығы арқылы тәртіпке,кеңпейілділікке, ақ жүректікке тәрбиелеу. 1.Жапсыру әдіс-тәсілдерін көрсету 2.Күз де келді, күз келді Құстар мекен іздеді. Күз де келді, күз келді	Дамытушылық: - Басқаға бағытталған эмоциялар мен сезімдерді дамыту Тәрбиелік: - адамгершілік мінез құлық негіздеріне тәрбиелеу. 1.Нұрға бөлеу 2.Ойын: «Мен де жақсы бала боламын». 3.Топпен ән айту Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Мен кіммін? Мақсаты: Балаларға өзінің жасын толық аты жөнін, тегін, ата анасының , отбасы мүшелерінің аты жөнін , балабақша топ атауын айта алады. Сүйіспеншілік рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды мейрімділікке,қамқорлыққа,жанашырлыққа тәрбиелеу. Сыйқырлы сәт: «Ғажайып дорба» Д/О:Мен кіммін? Ойын жаттығу «Не үшін керек» Мейірімділік пен әділдік мекені Тақырыбы: «Ұқыпты бала боламыз» Мақсаты: Балаларға «ұқыптылық» сөзінің мағынасын біледі.Балалар ұқыпты болуға ,жағымды қарым-қатынас дағдысын ажырата біледі.Дұрыс әрекет рухани
--	--	--	---	--	---

		бойыншы сұраққа жауап беруді және сол арқылы әңгіме құрастыруды біледі. Балабақшада балалар өзара сыйластық, достық қарым-қатынасты ажырата алады. Сурет бойынша сұрақтарға жауап бере алады.. Сүйіспеншілік рухани – адамгершілік құндылығы арқылы мейірімділікке, отансүйгіштікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.. Өткізілу барысы: Дидактикалық ойын: «Кел танысайық» Балалар бір-бірімен қалай танысқандарын айту. 1. Жаңылтпаштар 2. «Қай команда шапшаң?» 3. картотека №15 «Зейінді тыңда» Көркем әдебиет Тақырыбы: Менің балабақшам әңгімелеу Мақсаты: Шығармалардың эмоционалды бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезіне алады. Ертегі, әңгіме, балалар тақпағы мәтінінің мазмұны бойынша қарапайым сұрақтарға жауап береді. Балаларға сүйіспеншілік рухани адамгершілік құндылығы арқылы мейірімділікке, жанашырлыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. 1. Ертегі, әңгіме түрлерімен		Қондырмайды түзге елді. Күз де келді, күз келді. Керек оқу бізге енді. 3. картотека №9	адамгершілік құндылығы арқылы шыншылдыққа, турашылдыққа, әділдікке тәрбиелеу. 1. Мақал- мәтел 2. Әңгімелесу. 3. Ойын. «Сиқырлы қоржын»
--	--	--	--	---	---

		таныстыру. 2.«Кім алғыр?» ойыны. 3.«Кейіпкерді таныпал» ойыны Орыс тілі маман жоспарына сай			
--	--	---	--	--	--

Апта II апта	Денсаулық Дене шынықтыру (2,5) Қауіпсіз мінез-құлық негіздері (0,5)	Қатынас Сөйлеуді дамыту (1,0) Көркем әдебиет (1,0) Сауат ашу негіздері (2,0) Орыс тілі (1,0)	Таным Математика негіздері(1,0) Құрастыру (0,5)Жаратылыстану (1,0)	Шығармашылық Сурет салу (1,0)Мүсіндеу (1,0)Жапсыру (1,0)Музыка (2,0)	Әлеумет Өзін-өзі тану (1,0)Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) *Мейірімділік пен әділдік мекені (1,0)
	Дене шынықтыру маман жоспарына сай . Қауіпсіз мінез-құлық негіздеріТақырыбы:Адамның дене құрылысы Мақсаты: Балалар маңызды мүшелері туралы айта алады. Жұқпалы аурулар туралы,аурулардың алдын алудың негізгі шаралары туралы біледі. Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке,сыпайылыққа а, ұқыптылыққа тәрбиелеу. 1.Әуе шарымен саяхатқа шығу. 2. «Қауіпсіздік ережесін сақтаймыз». 3. Ойын: «Қауіпті және қауіпсіз заттар»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Сөздік қорМақсаты:Балалар сөйлем құрау арқылы сөздік қорлары дамыды.. Балалар көркем сөйлеу біледі Дұрыс әрекет рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке,ізеттілікке,сыйластыққа тәрбиелеу. Сықырлы сандықша тапсырмалары. «Сөзді жалғастыр» ойыны. «Сөздерді үйшікке орналастыр» шығармашылық тапсырмасы. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Менің балабақшам. Сөйлем Мақсаты: Балабақшада достарымен, үлкендермен қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдана біледі.. Сөз, дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетінін ажырата біледі.Сөз дыбыстау мәнерін біледі.Ішкі тыныштық рухани –	Математика негіздері Тақырыбы:Сан, санау. Мақсаты : математикалық терминдерді қолдана біледі, 6 саны көлеміндегі сан мен цифырын таниды, санай алады.Дұрыс әрекет рухани-адамгершілік құндылық арқылы турашылдыққа,әдептілікке сыйластыққа тәрбиелеу. Жұмбақ жасыру Сандар атау Картотека №10 Құрастыру Тақырыбы: Қол еңбегі. «Күзгі өнімді жинауға арналған себет» (Оригами) Еңбекке арналған тікенді және кескіш заттарды қолданудың қауіпсіздік ережесін біледі. Жұмыс орнында тәртіп сақтайды. Қиянат жасамау рухани адамгершілік құндылығы арқылы қамқорлыққа, жауапкершілікке,барлығына сүйіспеншілікпен қарау арқылы тәрбиелеу. «Тілектер» жаттығуы. «Әдемі кілемшелер» ойыны. Сұрақ-жауап арқылы	Сурет салу Тақырыбы: Менің доптарым Мақсаты: Гуашпен сурет сала алады. Дөңгелек затты , доптың суретін салу жолдарын біледі. Тәрбиелік: Ішкі тыныштық рухани адамгершілік құндылығы арқылы ұқыптылыққа,сабырлыққа,әдептілікке тәрбиелеу 1.Сұрақ жауап 2.Жұмбақ жасыру Жеңіл шарды домалақ Ұрсаң Ұшып жоғары, Жерге түсер домалап. (Доп) 3.. картотека №18 Мүсіндеу Тақырыбы: Балабақша заттары Көрген заттарын бенелей отырып,елестеу арқылы мүсіндей алады Мүсіндеудің түрлі тәсілдерін және қосымша материалдарды пайдаланып мүсіндей біледі. Сүйіспеншілік рухани адамгершілік құндылығы арқылы қамқорлыққа, мейірімділікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	Өзін – өзі тану«Өзін-өзі тану әлеміне саяхат»Мақсаты:«Өзін-өзі тану»туралы алғашқы түсінік танытады. Өзін-өзі тану арқылы балалардың қызығушылықтарын артыру; Өзін және өзгелерді тануға баулу, сүйіспеншілік құндылығын ұғындыру. (музыкада, ойында, биде, театрландырылған қойылымда) көрсетеді. Қоршаған ортамен адамгершілік қарым-қатынас (отбасымен, балабақшамен, қоғамдық ортамен) тәжірибесіне ие. Риясыз сүйіспеншілік рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды сыйластыққа, бауырмалдылыққа, татулыққа тәрбиелеу. 1.Жағымды күйге ену 2.Суреттер бойынша әңгімелеу. 3.Ойын: «Мен де жақсы бала боламын».

		адамгершілік құндылығы арқылы ұқыптылыққа, әдептілікке, тәрбиелеу. Өткізілу барысы: Дидактикалық ойын: «Кім болам?» Балалардың ішінен «тілші» сайланады. Тілші болып сайланған бала басқа балаларға «Болашақта кім боласың?» деген сұрақты қойып олардан сұхбат алады. Балалардың қалауы бойынша «тілші» рөлі ауысып отырады. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Мен кіммін Сөйлем. Сөз. Мақсаты: Балалар өздері туралы жан-жақты айта алады. Мен кіммін? Өзіміз туралы әңгімелейік. Бірнеше сөзден тұратын сөйлемдерді айта алады. Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды ұқыптылыққа, сыйластыққа, әдептілікке тәрбиелеу. 1. Сұрақ жауап 2. «Кім көп біледі?» Сөзді аяқтауға көмектес 3. «Ғажайып қорапша» ойын Көркем әдебиет Тақырыбы: Әдеби жаныр түрлері. Мақсаты: Ертегі, әңгіме, өлең, әдеби шығармаларды қоғамдық өмір оқиғалар туралы, қоршаған орта, табиғат туралы біледі. Ертегілер елінде	қорытындылау. Жаратылыстану Тақырыбы: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Мақсаты: Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді біледі. Айырмашылықтарын ажыратып айтады. Қиянат жасамау рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды қамқорлыққа, ақ жүректікке, кеңпейілділікке, тәрбиелеу. 1. Сыйқырлы сәт: Аю қонақта 2. Қайырбековтің «Алтын күз» өлең Алтын, алтын, сары алтын, Алтын күзде нұр жатыр. Біз мектепке баратын, Алақай-ау, күн жақын! Жемісі мол теретін, Күз дос екен бізбенен. Бәрін тауып беретін, Жомарт екен күз деген. 3. картотека №11	1. Суретпен жұмыс 2. Жұмбақ жасыру 3. картотека №18 Жапсыру Тақырыбы: Менің ойыншықтарым Мақсаты: Балалар қайшымен дұрыс жұмыс жасай алады. Әр бала өзінің балабақшасын есіне түсіріп, оны шағын әңгімелеп беріп, түрлі түсті қағазды пайдалана отырып, жапсыруды біледі.. Тәрбиелік: Қиянат жасамау рухани – адамгершілік құндылық арқылы балаларды қамқорлыққа, жауапкершілікке тәртіпке тәрбиелеу. 1. Ойын жаттығу 2. Сурет бойынша әңгіме құрау 3. картотека №1 Музыка	Мейірімділік пен әділдік мекені Тақырыбы: Еңбек түбі-береке Мақсаты: Қоғамдағы еңбек, мамандық түрлерін ажырат біледі. Дамытушылық: Еңбекті бағалау, адал еңбек ету. Өзгенің және басқаның еңбегінің зейнетін қадірлей біледі. Тәрбиелік: Ақиқат құндылығының қасиеті рухани адамгершілік құндылық арқылы балаларды адалдыққа, әділдікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. 1. Суреттер бойынша әңгіме құрау. 2. «Жүрек жылуы» жаттығуы. 3. Сұрақ-жауап алу
--	--	---	--	--	---

		Шағын әдеби шығармаларды, шағын ертегі, мультфильмдердің мазмұнын сызба, иллюстрацияға сүйеніп және оларсыз байланыстырып және бірізділікпен қайталап орындай біледі. Сүйіспеншілік рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды қамқорлыққа, мейрімділікке, жанашырлыққа тәрбиелеу. Ертегілер еліне саяхат. Ертегі түрлерімен таныстыру. «Көпіршік» ойыны. Орыс тілі маман жоспарына сай			
--	--	---	--	--	--

III- апта				
Денсаулық	Қатынас	Таным	Шығармашылық	Әлеумет
Дене шынықтыру (2,5) Қауіпсіз мінез-құлық негіздері (0,5)	Сөйлеуді дамыту (1,0) Көркем әдебиет (1,0) Сауат ашу негіздері (2,0) Орыс тілі (1,0)	Математика негіздері(1,0) Құрастыру (0,5)Жаратылыстану (1,0)	Сурет салу (1,0)Мүсіндеу (1,0)Жапсыру (1,0)Музыка (2.0)	Өзін-өзі тану (1,0)Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) *Мейірімділік пен әділдік мекені (1,0)
Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша	Орыс тілі маман жоспарына сай Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің достарым Дыбыстардың нақты артикуляциясын интонациялық мәнері. Мақсаты: Балалар өз достары туралы айта біледі, сөйлем құрау арқылы сөздік қорлары дамыды. Қарым қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдана біледі. Тәрбиелік: Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке, сыйластыққа, сыпайылыққа тәрбиелеу. 1. Жаңылтпаштар 2. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. 3. Картотека №12 Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Сыпайы сөздер (мен қандай сөздерді білуім керек) Мақсаты: Балалар сыпайы сөздерді үнемі қолдана біледі. Есту қабілеттері, танып-білуге деген қызығушылықтары дамыды. Ішкі	Математика негіздері Тақырыбы: 7 көлеміндегі сан Мақсаты: 7 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Балалар 7 саны мен цифр таниды, санай алады. Солға, оңға, жоғары, төмен, астында, үстінде, арасында, қасында сөздерді орындай алады.. «Қайда орналасқан?» деген сұраққа жауап бере отырып, заттың орналасқан жерін ажырата алады.. Балаларды Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы ұқыптылыққа, әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. 1. Жұмбақ жасыру 2. Сыйқырлы сәт (мысық кіреді) 3. картотека №11 Жаратылыстану Тақырыбы: Өсімдіктер әлемі. Мақсаты: Білімділік: Балалар бөлме өсімдіктерінің жаңа түрлерін, атауын біледі. Сыртқы түрі, құрылысы, күтім жасау тәсілдерін .өсімдіктерді сипаттық белгілері бойынша атауын ажырата біледі. Қиянат жасамау рухани-адамгершілік құндылық арқылы	Сурет салу Тақырыбы: «Менің достарым» Мақсаты: Балалар елестете отырып, күрделі емес қымылдарды біледі. Адамдардың тұлғасы сияқты күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлемін, айырмашылықты ажырата біледі . Ағаштың күзгі жапырақтары. Басты түстерді, табиғи және жасанды жолмен алынған бояуларды, күн сәулесі спектрінің негізгі түстерін, құрамдас түстерді негізгі түстерден алады, түстерді араластырудың қарапайым ережесін (қызыл және көк түсті қосқанда – күлгін түс, көк және сары түстің қоспасы – жасыл түсті беретінін және т.б.) біледі. Достарымен ұжымдық жұмыс жасау кезінде бір - біріне көмек бере алады. Сүйіспеншілік рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды қамқорлыққа, жанашырлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. 1 Жұмбақ жасыру 2. «Достық» ұғымын түсіндіру. 3. «Табиғатты бейнелейік» ұжымдық жұмыс.	Өзін – өзі тану Тақырыбы: «Адам болуды үйренемін...» Құндылық: дұрыс әрекет Қасиеттер: ізгілік, мейірімділік, тазалық, адалдық, қайырымдылық Мақсаты: «Жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру; Дұрыс әрекет рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды шыншылдыққа, турашылдыққа әділдікке тәрбиелеу. Достық аралына саяхат. Әңгімелеу. В.Осееваның «Үш ұл» «Жүрек жылуы» жаттығуы. Мейірімділік пен әділдік мекені Тақырыбы: Жаксы деген немене жаман деген немене? Мақсаты: Білімділік: Жағдаяттарын мысалға келтіріп, жаман әдеттерден ойларын аулақ ұстай біледі. Дамытушылық: Қоршаған ортасына мейірімділікпен қарайды, өз ойларын айтып

	тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке, сыйластыққа, сыпайылыққа тәрбиелеу. .Өткізілу барысы: 1. Тосын сый:Қуыршақ қонақта. 2.Жаңылтпаш. Ағабай ағасын Ағатай ағасын Аға деп бағалар Ағанын бағасын 3.картотека №3 Орыс тілі маман жоспарына сай Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Мен мектепке барамын Уақыт мезгілдері. Мақсаты: Балаларды уақыт мезгілдерімен таныстыра отырып өз ойын еркін жеткізе алады, қарапайым сұрақтарға жауап бере алады. Дыбыстарды анық , дұрыс дыбыстау арқылы есту қабілеттері дамыды. Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке, сыйластыққа, сыпайылыққа тәрбиелеу. 1.Ғажайып дорба 2.«Кім көп біледі?»,Сөзді аяқтауға көмектес 3.«Ғажайып қорапша» ойын Көркем әдебиет Тақырыбы:Шығарма кнпкерлерімен таныстыру	балаларды қамқорлыққа, ақ жүректікке,кеңпейілділікке, тәрбиелеу. . 1 Сұрақ жауап 2. Сурет бойынша әңгіме құрастыру.(көрсету) 3. картотека.№5	МүсіндеуТақырыбы: «Адам бейнесі» Мақсаты: Білімділік: Балалар ермексаздың бүтін бөліктерден әдіс-тәсілді қолдану арқылы мүсіндеу жұмыстарын біледі. Дамытушылық: Мүсіндеудің жұмсарту, созу, құрастыру, жаю, тегістеу, жалпақтау, домалақтау тәсілдерін қолдана біледі. Тәрбиелік: Балаларға қиянат жасамау рухани адамгершілік құндылығы арқылы жауапкершілікке тәртіпке, кеңпейілділікке тәрбиелеу. 1.Ғажайып сәт(Қуыршақ қонақта)2.Суреттерді орналастыр 3.Көрме ұйымдастыру Жапсыру Тақырыбы: Досыма арналған сыйлық Мақсаты: Күзгі табиғат көрнісітерін әңгімелей біледі. Қайшыны дұрыс пайлана алады. Жолақшаларды тікбұрыштар етіп қиюды шаршыларды үшбұрышты етіп қиюды біледі.жапырақтар Стильдей біледі, шынайы заттарды сәнді жасайды, олардың құрылысын жалпылайды, үлгілерді жаңа қасиеттерімен түрлендіреді. Тәрбиелік: Балаларға қиянат жасамау рухани адамгершілік құндылығы арқылы жауапкершілікке тәртіпке, кеңпейілділікке тәрбиелеу. Сұрақ жауап Сергіту сәті. Көрме ұйымдастыру	жеткізе біледі.. Тәрбиелік: Ақиқат рухани-адамгершілік құндылық арқылы жауапкершілікке,адалдыққа, шыншылдыққа балаларды тәрбиелеу. 1.Психологиялық жаттығу 2. Өлең (Владимир Маяковский) Айналайын бөбегім, Мәнін айтып берейін, Осы берген жауапты Кітапша етіп көрейін. Міне, тағы бір жаман – Бөбек үшін тым жаман, Күйеге лас боялып, Аузы-басын былғаған. Жақсы, міне, азамат – Бетін жуды сабындап, Тіс ұнтағын тағы да ап, Тісін жуды тазалап. Еңбек сүйген баланың Кітап оқу талабы,Міне, үлгілі бала деп,Кітапқа оны жазады. 3. картотека №10Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы:Менің балабақшам Ересектердің еңбегі. Мақсаты: Балабақшада еңбек ететін адамдардың (медбике,аспаз)мамандықтарын біледі. Тосын сый (Аспасшык еледі) М.Әлімбаев өлеңі «Біздің балабақшада» Балабақша есігін
--	--	---	---	---

	(Мақтағызбен мысық) Әдебиет шығармаларын сипаттай алады.Саздылықты, ырғақтылықты сезініп, өз дауысын басқара біледі. Балаларға сүйіспеншілік рухани адамгершілік құндылығы арқылы мейірімділікке, қамқорлыққа,жанашырлыққа тәрбиелеу. 1.Ертегі, әңгіме түрлерімен таныстыру. 2.«Кім алғыр?» ойыны. 3.«Кейіпкерді таныпал» ойыны.			Үшке тола ашқанбыз. Балапандай өсіріп, Мәпелейді бақшамыз. Бұл екінші үйіміңз, Бір тұрғанбыз бәріміз, Біз осы үйдің гүліміз, Біз осы үйдің сәніміз. Суретпен жұмыс Бала, оның отбасы. Мақсаты: балалар өз отбасының мүшелеріне қамқорлық білдіру ниетін, үй тапсырмаларын орындау , өзінің мейірімділік сезімдерін отбасы мүшелерін сөзбен еркін айта алады.. Ішкі тыныштық рухани – адамгершілік құндылық арқылы балаларды сыйластыққа , әдептілікке, сабырлыққа тәрбиелеу. 1Сұрақ жауап 2. Суреттер бойынша әңгімелеу. 3.картотека №9
--	--	--	--	---

	ІҮ-апта				
	Денсаулық Дене шынықтыру (2,5) Қауіпсіз мінез-құлық негіздері (0,5)	Қатынас Сөйлеуді дамыту (1,0) Көркем әдебиет (1,0) Сауат ашу негіздері (2,0) Орыс тілі (1,0)	Таным Математика негіздері(1,0) Құрастыру (0,5)Жаратылыстану (1,0)	Шығармашылық Сурет салу (1,0)Мүсіндеу (1,0)Жапсыру (1,0)Музыка (2,0)	Әлеумет Өзін-өзі тану (1,0)Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) *Мейірімділік пен әділдік мекені (1,0)
ІҮ-апта	Дене шынықтыру маман жоспарына сай1. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: Негізгі азық- түлік тағамдары. Мақсаты: азық - түліктағамдары туралы біледі..Үйде ,көшеде,қоғамдық орындарда қауіпсіздік ережелерін айта алады. .Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы ұқыптылыққа,әдептілікке тәрбиелеу. 2.Ғажайып сәт 3. Көркем сөз. Қол жуғыштың қасына Келе қалды балақан	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Заттарды сипаттау. Мақсаты: Балалар алуан түрлі заттарды сипаттай алады, қарым қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдана біледі.. Тәрбиелік: Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды сыйластыққа, ұқыптылыққа,әдептілікке тәрбиелеу. 1 Жұмбақ жасыру 2.Сикырлы сәт (Қонжық келеді) Жұмбақ жасыру 3.«Сөзді аяқтауға көмектес» ойыны.Картотека №17 Орыс тілі маман жоспарына сай Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Ауылда. Үй жануарлары мен құстарын атай біледі. Ауыл мәдениеті туралы біледі . Тәрбиелік: Сүйіспеншілік	Математика негіздері Тақырыбы: Заттардың өсу және кему реті:(көлемі, ені, биіктігі, жуандығы, ұзындығы) Заттарды өсу және кему ретімен: көлемі, ені, биіктігі, жуандығы, ұзындығы бойынша орналастыра біледі. Заттардың көлемін, тапсырмалардың дұрыс орындалуын көзбен анықтай алады. Ішкі тыныштық рухани – адамгершілік құндылық арқылы балаларды ұқыптылыққа,әдептілікке,сабырлыққа тәрбиелеу. 1.Суреттер бойынша жұмыс 2.«Үйдің есігін жабайық» ойыны. 3.Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. Құрастыру Тақырыбы: конструктор бөлшектері Мақсаты: Білімділік:Балалар киндер сюрприз	Сурет салу Тақырыбы: Көкөністер Мақсаты:Көкіністердің суретін салу барысында дөңгелек пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты ажырата алады. Естеріне сақтап, қағаз бетіне суретсала алады.. Тәрбиелік: Балаларға қиянат жасамау рухани адамгершілік құндылығы арқылы сабырлыққа, Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбелеу. 1.Жаңылтпаштар 2.Суретпен жұмыс. 3. картотека№1 МүсіндеуТақырыбы: Көкөністер Мақсаты: Балалар ермексазбен жұмыс істей алады. Үлгі бойынша жасалу жолдарын біледі.	Өзін – өзі тану Тақырыбы: «Қыздар мен ұлдар» Мақсаты: Білімділік:Әрбір бала жеке тұлға екендігін ұғындыру.; қыз бала мен ұл баланың ерекшеліктері туралы қалыптастыру. Дамытушылық: Өзара қарым-қатынастарын дамыту. Тәрбиелік: Қиянат жасамаурухани-адамгершілік құндылық арқылы ақ жүректікке,барлығына сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. Жағымды күй Ж. Саин «Кім болам?» Суреттер бойынша әңгіме құрау.Шығармашылық жұмыс «Менің достарым» 3. картотека.№ 3

	Алақан мен алақан Ысқылады асыға 3. картотека№8	рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды мейірімділікке, жанашырлыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу 1. Суретпен жұмыс 2. Тосын сый (Қоян кіреді) 3. №15 картотека Көркем әдебиет Тақырыбы: Әңгімелеу «Бір уыс мақта» Мақсаты: Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғаларға, қоршаған ортаға, табиғатқа қамқор болуды біледі. Қиянат жасамау рухани – адамгершілік құндылық арқылы балаларды мейірімділікке, әдептілікке, сабырлыққа тәрбиелеу. 1. Ертегі, әңгіме түрлерімен таныстыру. 2. «Кім алғыр?» ойыны. 3. «Кейіпкерді таныпал» ойыны. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Жабайы жануарлар Жабайы жануарларды атай біледі. Сөйлем құрау арқылы сөздік өорлары дамыды. Тәрбиелік: Сүйіспеншілік рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды мейірімділікке, қамқорлыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу. 1. Суретпен жұмыс. 2. Тосын сый 3. Сұрақ жауап.	қуыршақтарынан, қатырма қағаздан, жіптен, қағаз орамдарынан, босаған түтікшелерден жиһаздар құрастырады, ұжымдық жұмыс жасай біледі. . Тәрбиелік: Балаларға қиянат жасамау рухани адамгершілік құндылығы арқылы жауапкершілікке, тәртіпке, тәрбиелеу. 1. Жұмбақ жасыру 2. Құрылыс материалдары (кубиктерді, «Лего» және т.б.) туралы әңгімелеу. 3. картотека №30 Жаратылыстану Тақырыбы: Бөлме өсімдіктері Мақсаты: Кейбір бөлме өсімдіктері атауын біледі, сыртқы түрі мен құрлысын таниды, күтім жасай алады, олардың өсу, даму ретін біледі. Тәрбиелік: Балаларға қиянат жасамау рухани адамгершілік құндылығы арқылы барлығына сүйіспеншілікпен қарау, қамқорлыққа тәрбиелеу. Жұмбақ жасыру Сергіту сәт Сұрақ жауап	Дұрыс әрекет рухани адамгершілік құндылығы арқылы қамқорлыққа, мейірімділікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу. 1. Жұмбақ жасыру 2. Көрме ұйымдастыру. 3. картотека № 11 Жапсыру Тақырыбы: Ұлттық кілем Мақсаты: Білімділік: түрлі пішіндегі қағазды таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыра алады. Тәрбиелік: сүйіспеншілік рухани-адамгершілік құндылық арқылы отансүйгіштікке, мейірімділікке, қамқорлыққа тәрбиелеу 1. Сұрақ жауап 2. Сандықтың түрлері туралы әңгімелеу. 3. «Сандықты безендірейік»	Мейірімділік пен әділдік мекені Тақырыбы: Сен не істер едің? Мақсаты: Білімділік: Жақсы мен жаман әдет туралы түсіне алады, Суреттер арқылы әңгімелеп, өз көзқарастарын жеткізе біледі. Дамытушылық: Балалардың қоршаған ортасына деген қарым-қатынасын анықтау, ситуациялық жағдаяттарды шеше білу қабілеттерін дамыту. Тәрбиелік: Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы ұқыптылыққа, әдептілікке, сабырлыққа тәрбиелеу 1. Сұрақ жауап 2. Суреттер арқылы әңгімелеу 3. Картотека №14
--	--	--	---	---	--

ПЕРСПЕКТИВТІК ЖОСПАРЫ

«Жұлдыз» мектепалды даярлау тобы 2021 жыл қазан айы

Өтпелі тақырып: «Қош келдің алтын күз»

Тәрбиешілер: Тажикенова Г.Т

Мақсаты: Күз және күзгі табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін біледі, сөздік қорлары дамыды. Жалпыадамзаттық құндылықтарды қолдана алады.

Міндеттері:

- Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдалы екенін біледі.

- Балалар бір біріне сыйластықты, : Дидактикалық ойындар арқылы балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.

I апта				
Денсаулық	Қатынас	Таным	Шығармашылық	Әлеумет
Дене шынықтыру (2,5) Қауіпсіз мінез-құлық негіздері (0,5)	Сөйлеуді дамыту (1,0) Көркем әдебиет (1,0) Сауат ашу негіздері (2,0) Орыс тілі (1,0)	Математика негіздері(1,0) Құрастыру (0,5)Жаратылыстану (1,0)	Сурет салу (1,0)Мүсіндеу (1,0) Жапсыру (1,0)Музыка (2.0)	Өзін-өзі тану (1,0)Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) *Мейірімділік пен әділдік мекені (1,0)
Дене шынықтыру маман жоспарына сай	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің отбасым Мақсаты: Жалпылаушы сөздерді және зат есімдерді дұрыс қолдана біледі . Қиянат жасамау рухани адамгершілік құндылығы арқылы қамқорлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. 1.Жаңылтпаш 2.Суреттер бойынша әңгімелеу. 3.«Зейінді тыңда!» ойыны. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Сөйлеммен танысайық	Математика негіздері Тақырыбы: 7-ден 10-ға дейінгі сандарды тура және кері санау Сан заттардың көлеміне, олардың арасындағы ара қашықтыққа, кеңістікте орналасуына және санау бағытына (солдан оңға немесе оңнан солға) тәуелді еместігін біледі. Геометриялық пішіндер мен денелерді атап, ажырата алады. Дұрыс әрекет рухани адамгершілік құндылығы арқылы	Сурет салу Тақырыбы: Күз Қарапайым еңбек дағдыларын біледі, жұмыс орны мен жұмыс істеу барысында құралдарды өздігінен ретке келтіреді. Балалар қылқаламмен және бояумен жұмыс жасай алады. Қиянат жасамау рухани адамгершілік құндылығы арқылы тәртіпке,барлығына сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.	Өзін-өзі тануТақырыбы: «Менің есімім» Мақсаты: Әрбір баланы қайталанбас жеке тұлға екендігін түсіндіре отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу. Бағдарламалық міндеттері: Білімділік: өзін тануға қызығушылық білдіру Өздерін тануға, өз ерекшеліктерін білуге үйрету. Дамытушылық: Жақсы істер жасай білу іскерліктерін дамыту. Тәрбиелік: Сүйіспеншілік рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды мейірімділікке, жанашырлыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. 1.Психологиялық жаттығуК.Ыбыраев"Әйбат

	Сөз,дыбыстау мәдениетін біледі..Сөз дыбыстан құралатынын,дыбыстың дауысты,дауыссыз болып бөлінетінін айта алады.Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы ұқыптылық,әдептілікке,сабырлыққа атәрбиелеу 1.Тосын сәт: Түлкі қонақта 2. Жұмбақтар жасыру 3.Дәптермен жұмыс Орыс тілі маман жоспарына сай Көркем әдебиет Тақырыбы: Мәнерлеп оқу Көркем шығарманың мазмұнын тыңдай біледі, өлең сөздерін таза,анық айта біледі,есте сақтай алады. Қиянат жасамау рухани адамгершілік құндылығы арқылытәртіпке,кеңпейілділікке тәрбиелеу. Жаңылтпаштар «Ертегілерден үзінді» сахналау. «Суретті тіз» ойыны. Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Сөйлеммен танысайық(қайталау) Сөз,дыбыстау мәдениетін біледі..Сөз дыбыстан құралатынын,дыбыстың дауысты,дауыссыз болып бөлінетінін айта алады . Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы	шыншылдыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Заттарды салыстыру. «Пішіндерді салыстыр» жаттығуы. «Үйдің есігін жабайық» ойыны. ЖаратылыстануКөкіністер мен жемістер Мақсаты: көкіністер мен жемістер ,ағаштар туралы біледі..өсімдіктердің өсуі мен даму ретін біледі. Тәрбиелік: Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. 1.Жұмбақтар 2. Сурет бойынша әңгіме құрастыру.(көрсету) 3. картотека №30 Құрастыру Тақырыбы:Ұжымдық құрылыстар салуМақсаты:Құрастыру материалдарымен жұмыс жасай алады, құрастыру материалдарын дұрыс құрастырады. Ұжымдық жұмыс жасай біледі. Тәрбиелік: Ақиқат рухани – адамгершілік құндылығы арқылы жауапкершілікке,қарапайымдылыққа тәрбиелеу. 1.Сұрақ жауап 2.Балалармен әңгімелеу. 3.«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр» ойыны.	1.Жұмбақ жасыру 2.Балалармен әңгімелеу. 3.Балаларды мадақтау. Мүсіндеу Тақырыбы: Жануарлар Қарапайым қатынастарды сақтай отырып жануарлардың пішінін мүсіндей біледі. Сүйіспеншілік рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды қамқорлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. .Сұрақ жаттығу. 2.Көрме ұйымдастыру. 3. картотека №12. Жапсыру Тақырыбы:Күзгі кілемМақсаты:Ұлттық өнердің желісімен түрлі қағаздан геометриялық элементтерден өрнектер құрастыра алады. Ішкі тыныштық рухани адамгершілік құндылығы арқылы ұқыптылық, сыйластыққа тәрбиелеу. Жұмбақтар Топтық тапсырма. Балаларды мадақтау.	есімдер"оқу. «Қыздардың есімі», «Ұлдардың есімі» Э. Фарджен Ойын:"Мадақтау .Шығармашылық жұмыс Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Әртүрлі мамандық иелері. Мақсаты:Әртүрлі мамандық иелері мен олардың еңбегінің ерекшеліктері, маңызы туралы біледі. Өз ата-анасының және туыстарының еңбегі туралы айта алады. Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы сыпайылыққа, ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. 1.Аспазшының көмек сұрап келуі. 2.Мамандықтар бойынша әңгімелеу жұмысы. 3.«Қай маман иесі екенін тап» ойыны. Мейірімділік пен әділдік мекені Тақырыбы: Нан дастарханға қалай келеді? Мақсаты:Еңбек етуге тілек білдіре алады, еңбекті бағалай біледі, құрмет көрсете біледі.. Дамытушылық: Өмірдегі еңбектің маңыздылығы туралы білімдері дамыды. Тәрбиелік: Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы ұқыптылық,әдептілікке,сабырлыққа тәрбиелеу у 1.Мақал мәтелдер Суреттермен жұмыс Сұрақ жауап
--	--	--	--	---

		ұқыптылық,әдептілікке,сабырлыққа атәрбиелеу Суретпен жұмыс Тапсырмалар Сұрақ жауап			
--	--	--	--	--	--

2 – апта				
Денсаулық Дене шынықтыру (2,5) Қауіпсіз мінез-құлық негіздері (0,5)	Қатынас Сөйлеуді дамыту (1,0) Көркем әдебиет (1,0) Сауат ашу негіздері (2,0) Орыс тілі (1,0)	Таным Математика негіздері(1,0) Құрастыру (0,5)Жаратылыстану (1,0)	Шығармашылық Сурет салу (1,0)Мүсіндеу (1,0)Жапсыру (1,0)Музыка (2.0)	Әлеумет Өзін-өзі тану (1,0)Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) *Мейірімділік пен әділдік мекені (1,0)
. Дене шынықтыру маман жоспарына сай Поплавок Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: Өзіңді таны Бағдарламалық міндеттері: Білімділік: Балалар сезім мүшелерін, олардың қызметін ажырата біледі. .Өз дене мүшелеріне күтім жасай алады. үйрету. Тәрбиелік: Ақиқат рухани – адамгершілік құндылығы арқылы	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қоршаған орта Бағдарламалық міндеттері: Білімділік: Қоршаған ортадағы және табиғаттіршілік атаулыға қамқор болуды біледі. екі немесе үш сөзден тұратын сөйлем құра алады. Дамытушылық: Әңгімені барынша түсініп,сұрақтарға жауап бере алады. Тәрбиелік: Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке,ұқыптылыққа, сыйластыққа, тәрбиелеу. 1.Сұрақ жауап 2.Сурет бойынша әңгімелеу. 3.Картотека №20 Сауат ашу	Математика негіздеріТақырыбы: Айналамдағы заттарды санаймын. 7,8,9,10-ға дейінгі реттік санау. Мақсаты: Заттар санын анықтай біледі, сандар қатарын ретімен тізбектеп қайталап санай алады.. Тәрбиелік: Ақиқат рухани – адамгершілік құндылығы арқылы жауапкершілікке, қарапайымдылыққа тәрбиелеу. 1. Санамақ 2. Балалармен әңгімелеу жұмысы. 3.«Әдемі кілемшелер» ойыны. ҚұрастыруТақырыбы: Қораптардан заттар құрастыру Мақсаты: Құрастыру материалдарымен жұмыс жасай	Сурет салу Тақырыбы: Күзгі ағаштар Серуен кезіндегі бақылаудан кейінгі алған әсерлерін суретте бенелей алады. Балалар қылқаламды және бояудықолдана біледі.Қиянат жасамау рухани адамгершілік құндылығы арқылы тәртіпке,кеңпейілділікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. «Күз » тақырыбына әңгімелеу. «Күзгі ағаштар » жеке шығармашылық жұмыстар. Көрме ұйымдастыру Мүсіндеу Тақырыбы: «Үй» Бағдарламалық міндеттері:	Өзін-өзі тану Өзін – өзі тану Тақырыбы:«Менің туған күнім» Мақсаты: Жақсылық қуаныш ұғымдары туралы түсінігін қалыптастыру. Дамытушылық:Балаларды адамгершілікке, сыйайлыққа, кішіпейілділікке дамыту. Ақиқат жалпыадамзаттық құндылығы арқылы жауапкершілікке, қарапайымдылыққа тәрбиелеу. Шығармашылық жұмыс. Ойын. «Қуаныш сыйлау Топпен ән. «Туған күніңмен» Мейірімділік пен әділдік мекені

жауапкершілікке, қарапайымдылыққа тәрбиелеу. 1.Ғажайып сәт 2. Флора және фауна туралы әңгімелеу 3. Картотека№11	негіздеріТақырыбы:Сөзбен танысайық. Мақсаты:Сөздер мен дыбыстарды ажырата алады.балалар ауыз екі сөйлей біледі. Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке,ұқыптылыққа, сыйластыққа, тәрбиелеу. Жұмбақ жасыру Д/О: Ойыншықтар Сұрақ жауап Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Буынға бөлейік Балалар айтылған сөздерді жолақша (ақ қатты) қағазбен және сөздерді, ұзынды,қысқалығын қолмен өлшеп ажырата алады. Балалар ауыз екі сөйлеу біледі.. Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке,ұқыптылыққа, сыйластыққа, тәрбиелеу. 1Ребус шешу 2. сөздер ойлап, буынға, бөлу, сөйлем құрату 3.Дидактикалық ойын: «Менің көшем кім жылдам» Көркем әдебиет Тақырыбы: Алтын бала С. Тұрдалиев Мақсаты:Берілгенәңгімені тыңдай біледі,оқыған әңгіменіесте сақтай алады,сұрақтарға жауап бере	алады.Кеңістікті бағдарлауға, құрастыру материалдарын дұрыс орналастыра алады.. Тәрбиелік:Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке,ұқыптылыққа, сыйластыққа, тәрбиелеу. 1.Сұрақ жауап 2.Балалармен әңгімелеу. 3.«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр» ойыны. Жаратылыстану Тақырыбы:Бидай Мақсаты:Балалар бидай өсіру туралы біледі,көргенінін есте сақтай алады.Бидай өсіру мен нан өндіруге қатысатын адамдардың еңбегіне құрмет көрсете біледі.Ақиқат рухани – адамгершілік құндылығы арқылы жауапкершілікке, қарапайымдылыққа тәрбиелеу. Суретпен жұмыс «Зейінді бол» ойыны. «Менің эмоциям» ойыны.	Білімділік: Балалар әртүрлі көрген заттарын ермексازдан мүсіндей алады.,үлгі бойынша жасалу жолдарын біледі Тәрбиелік:. Ішкі тыныштық рухани – адамгершілік құндылық арқылы балаларды сыйластыққа, әдептілікке, сабырлыққа тәрбиелеу 1.Мақал мәтелдер 2.Балалармен отбасы туралы әңгімелеу. 3.Балаларды мадақтау. Жапсыру Тақырыбы: Орман ағаштары Бағдарламалық міндеттері: Білімділік: Табиғат құбылыстарын жапсыру өнері арқылы орындай алады. Ұжымдық жұмыс жасай біледі.Саусақ икемділіктері мен зейіндерін дамыды. Тәрбиелік: Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке,ұқыптылыққа, сыйластыққа, тәрбиелеу. . 1.Саусақ жаттығу 2.Балалармен әңгімелеу. 3.Картотека №20	Тақырыбы: Риясыз көмек Бағдарламалық міндеттері: Білімділік: Мейірімділік, қайырымдылық көрсету адамгершілік қасиетін айта алады.. Балалар қайырымдылық не екенін айта алады.. Тәрбиелік:Қиянат жасамау рухани адамгершілік құндылығы арқылы тәртіпке,кеңпейілділікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. 1.Мақал мәтелдер 2. «Менің Отбасым" тақырыбына әңгімелеу 3.Картотека №10
---	---	--	---	---

	алады.Балалардың тіл байлығын, есте сақтау қабілеттері дамыды. Тәрбиелік:Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке,ұқыптылыққа, сыйластыққа, тәрбиелеу. 1.Жаңылтпаштар 2.Балалармен әңгімелеу жұмысы. «Көңілді доп» ойыны. 3.Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.			
--	---	--	--	--

3- апта

3- апта				
Денсаулық	Қатынас	Таным	Шығармашылық	Әлеумет
Дене шынықтыру (2,5) Қауіпсіз мінез-құлық негіздері (0,5)	Сөйлеуді дамыту (1,0) Көркем әдебиет (1,0) Сауат ашу негіздері (2,0) Орыс тілі (1,0)	Математика негіздері(1,0) Құрастыру (0,5)Жаратылыстану (1,0)	Сурет салу (1,0)Мүсіндеу (1,0)Жапсыру (1,0)Музыка (2.0)	Өзін-өзі тану (1,0)Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) *Мейірімділік пен әділдік мекені (1,0)

Денешынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Көкіністер мен жемістер Мақсаты:Түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану, тілдік этикетті, жай және күрделі сөйлемдерді қолдана біледі..бірнеше сөзден тұратын сөйлемдерді айта алады Ақиқат рухани – адамгершілік құндылығы арқылы жауапкершілікке, қарапайымдылыққа тәрбиелеу. Тәрбиелік:1.Ертегі сахналау 2.«Ғажайып текше» ойыны. 3.Балаларды мадақтау. Көркем әдебиет Тақырыбы: Шығармашылық әңгімелеу Мақсаты: Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап айта алады, бір бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыра алады. Ақиқат рухани – адамгершілік құндылығы арқылы жауапкершілікке, қарапайымдылыққа тәрбиелеу. Балалармен әңгімелеу жұмысы. «Көңілді доп» ойыны. Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. Орыс тілі маман жоспарына сайСауат ашу негіздері Тақырыбы: Буынға бөлейік (қайталау) Балалар айтылған сөздерді жолақша (ақ қатты) қағазбен және сөздерді, ұзынды,қысқалығын қолмен өлшеп ажырата алады.	Математика негіздері Тақырыбы: Уақытты бағдарлау Уақыт ұғымдарын: бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулік бөліктері; жыл айлары, апта күндерінің ретін, уақыт эталондары туралы ажырата біледі Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке,ұқыптылыққа, сыйластыққа, тәрбиелеу.1.Санамақ Дүйсенбіде доп ойнадық қорада, Сейсенбіде серуен құрдық далада. Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп. Жұма күні жидек тердік қыратта, Сенбі күні кино көрдік клубта. Жексенбіде үйде болып дем алдық, Осылайша өте шықты бір апта. Картотека №5 «Кім алғыр? Жаратылыстану Тақырыбы: Табиғат сыйы Бағдарламалық міндеттері: Білімділік: Табиғи материалдардың қасиеттері туралы айта алады. Өртүрлі өсімдіктердің гүлдері мен жемістерін ажырата біледі.. Тәрбиелік: Қиянат жасамау рухани – адамгершілік құндылық арқылы қамқорлыққа,жауапкершілікке тәрбиелеу. Жануарлардың қысқы мекені 1.Сыйқырлы сәт: Кірпі қонақта 2.Өсімдіктердің суреттерін көрсете отырып әңгімелеу.	Сурет салу Тақырыбы: Көкөністер мен жемістер Мақсаты:Сурет салу барысында дөңгелек пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты ажырата біледі, Балалардың шығармашылық қабілеттері, ой-өрісі дамыды. Тәрбиелік:Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке,ұқыптылыққа, сыйластыққа, тәрбиелеу. Суретпен жұмыс Жұмбақ жасыру Көрме ұйымдастыру Мүсіндеу Тақырыбы: Кеселер Бағдарламалық міндеттері: Білімділік: Ширату тәсілі арқылы ыдыс мүсінін үлгі бойынша жасалу жолдарын біледі, кесенің сыртын ою-өрнекпен безендіре алады.. Тәрбиелік:.. Ішкі тыныштық рухани – адамгершілік құндылық арқылы балаларды сыйластыққа, әдептілікке, сабырлыққа тәрбиелеу 1.Балалармен әңгімелеу жұмысы. 2.Шығармашылық жұмыс. 3.Балаларды мадақтау. Жапсыру Тақырыбы:Күздің сыйы көкіністер мен жемістер Сабақтарда алуан түрлі материалдарды: қағаз, ермексаз, мата, кептірілген жапырақтар мен	Өзін-өзі тануТақырыбы: «Менің сезімдерім»» Бағдарламалық міндеттері: Білімділік: «Бақыт», «Қуаныш», «Сүйіспеншілік» құндылықтарының мағынасын түсіндіру. Дамытушылық: Адами қасиеттерін дамыту. Тәрбиелік:Сүйіспеншілік рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды мейірімділікке, жанашырлыққа тәрбиелеу. Әңгімелеу. «Әдептілік әлемі» Е.Өтетілеуұлы .Балалармен әңгімелеу. Сұрақ-жауапқа жауап бере алады.. Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы:Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау.Бағдарламалық міндеттері: Білімділік: Заттар олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы біледі..заттардың қандай материалдан жасалғандығын анықтап ,сипаттама беріп,оның сапасы мен ерекшелігін дұрыс анықтай алады. үйрету.Дамытушылық: Ойлау, қиялдау, есте сақтау қабілеттерін, зейінін дамыту. Тәрбиелік: Қиянат жасамау рухани – адамгершілік құндылық арқылы балаларды қамқорлыққа,жауапкершілікке,ақниеттікке тәрбиелеу.
-----------------------------	--	---	--	--

	Балалар ауыз екі сөйлеу біледі... . Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке, ұқыптылыққа, сыйластыққа, тәрбиелеу. Сыйқырлы сәт 2. Үлгі бойынша үзік сызықтарды мәнерлеп жазу. 3. Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жемісі?» Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Дыбыстар әлемі: Тіл дыбыстары Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін ажыратып, дұрыс дыбыстай алады.. Балалардың ауызекі сөйлеу тілдері дамыды. Тәрбиелік: Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке, ұқыптылыққа, сыйластыққа, тәрбиелеу. Мақал мәтелдер Тапсырмалар Суретпен жұмыс	3. картотека №5	гүлдер, түрлі-түсті ұнтақ жармасы немесе ұсақталған жұмыртқаның қабығын және т.б. қолданады. 1. Суретпен жұмыс 2. Шығармашылық жұмыс. 3. Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау	1. Балалармен әңгімелеу жұмысы. 2. Шығармашылық жұмыс. 3. Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. Мейірімділік пен әділдік мекені Тақырыбы: Жаным толған жақсылық Бағдарламалық міндеттері: Білімділік: Жақсылық жасай біледі.. Сөйлем құрау арқылы сөздік қорлары дамыды. Тәрбиелік: Қиянат жасамау рухани – адамгершілік құндылық арқылы балаларды қамқорлыққа, жауапкершілікке, ақниеттікке тәрбиелеу. 1. Ғажайып сәт 2. Құмысқа мен көгершін Әңгімелеу. С. Көбеев 3. картотека №14
--	--	-----------------	--	--

4- апта				
Денсаулық	Қатынас	Таным	Шығармашылық	Әлеумет
Дене шынықтыру (2,5) Қауіпсіз мінез-құлық негіздері (0,5)	Сөйлеуді дамыту (1,0) Көркем әдебиет (1,0) Сауат ашу негіздері (2,0) Орыс тілі (1,0)	Математика негіздері (1,0) Құрастыру (0,5) Жаратылыстану (1,0)	Сурет салу (1,0) Мүсіндеу (1,0) Жапсыру (1,0) Музыка (2,0)	Өзін-өзі тану (1,0) Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) *Мейірімділік пен әділдік мекені (1,0)

Денешынықтыру Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: Тамақтану Бағдарламалық міндеттері: Білімділік: Балаларға дәрумендер туралы білім, Су және оның ағзаға қажеттілігі, азық түліктер, оларды қолдану тәсілдері туралы мәлімет беру. Дамытушылық: Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тәрбиелік: Дұрыс әрекет рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, татулыққа тәрбиелеу. 1.Балалармен әңгімелеу. 2.Топтық тапсырма. 3.Қимылды ойын.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Ас атасы нан» Интонациясына байланысты сөйлемдер Мақсаты:Хабарлы, сұраулы, лепті ажыратып, сөйлеуде қолданабіледі.Сөздік қорларын молайтып, өз ойын еркін жеткізіп анық айта біледі. . Тәрбиелік:Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке,ұқыптылыққа, сыйластыққа, тәрбиелеу. 1.Жұмбақ жасыру 2.«Саққұлақ» ойыны. 3.Балаларды мадақтау Орыс тілі маман жоспарына сай Сауаташу негіздеріДыбыс пен әріп Дыбыс пен әріп туралы айта алады,дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата біледі. Тәрбиелік: Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке,ұқыптылыққа, сыйластыққа, тәрбиелеу1.Дыбыс ,әріп әңгімелеу 2.Ребус шешу 3. картотека №15 Көркем әдебиет Тақырыбы:Театр мәдениетімен таныстыру. Бағдарламалық міндеттері: Білімділік: Балалардың театр ойындарына оң көзқарастары дамыды. Ересектермен және құрдастарымен өзара әрекеттер мәдениетін біледі.. Тәрбиелік: Сүйіспеншілік рухани-адамгершілік құндылық арқылы	Математика негіздері Тақырыбы: 1-ден 8-ге дейін санау Мақсаты: 8- ге дейінгі сандар қатарын санай алады..8 көлемінде реттік санауды біледі. Тәрбиелік: Ішкі тыныштық рухани – адамгершілік құндылық арқылы балаларды ұқыптылыққа, әдептілікке, сабырлыққа тәрбиелеу. 1.Балалармен әңгімелеу. 2.«Құмыраға гүлді жина» ойыны. 3.Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау Құрастыру Тақырыбы:Қағздан құрастыру Құстар Мақсаты: Ермексазды пайдаланып, құстардың бейнесін жасай алады.. Шығармашылық қабілеттері дамыды . Тәрбиелік: Дұрыс әрекет рухани-адамгершілік құндылық арқылы әдептілікке,сыйластыққа, әділдікке тәрбиелеу. 1.Балалармен әңгімелеу. 2.«Тапсырманы орында» ойыны. 3.Көрме ұйымдастыру Жаратылыстану Тақырыбы: Жануарлар әлемі Бағдарламалық міндеттері: Білімділік: Қазақстан аумағындағы мекендейтін жануарлар мен олардың төлдеріне тән белгілерді атай алады.	Сурет салу Тақырыбы: Нан .Ересектердің еңбегі Мақсаты:Бейнені айқындау құралдарын, ересектердің еңбегін қоғамдағы оқиғаларды қолдана отырып балаларды табиғаттан алған әсерлерін көрсете біледі.. Дамытушылық: Шығармашылық қабілеттері, ой-қиялдары дамыды. Тәрбиелік: Ішкі тыныштық рухани – адамгершілік құндылық арқылы балаларды ұқыптылыққа, әдептілікке, сабырлыққа тәрбиелеу. 1.Мақал мәтелдер 2.«Нан түрлерін ата» ойыны. 3.Шығармашылық жұмыс. Мүсіндеу Тақырыбы: бидайдың масағы Бағдарламалық міндеттері: Білімділік: Кесек ермексаздан созу тәсілі арқылы мүсіндей алады. Дамытушылық: Мүсіндеудің жұмсарту, созу, құрастыру, жаю, тегістеу, жалпақтау, домалақтау тәсілдерін қолдана біледі. Ішкі тыныштық рухани-адамгершілік құндылық арқылы балаларды әдептілікке,ұқыптылыққа, сыйластыққа, тәрбиелеу Тәрбиелік:1.Суретпен жұмыс 2.Шығармашылық жұмыс. 3.Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. ЖапсыруТақырыбы: Ас атасы нан ,бауырсақ.Бағдарламалық міндеттері: Білімділік:Балаларды күз келбетін	Өзін-өзі тану Тақырыбы:«Мейірімді іс-әрекеттер» Бағдарламалық міндеттері: Білімділік: Балалар өзара жақсы қарым-қатынас жасауға үйрету.Айналасына жағымды қарым-қатынасты ұғындыру. Тәрбиелік: Дұрыс әрекет рухани-адамгершілік құндылық арқылы әдептілікке,сыйластыққа, әділдікке тәрбиелеу 1 Нұрға бөлеу 2.Әңгімелесу.А.Қайырханованың «Өнерлі балалар» әңгімесін оқу. Ойын жаттығу Мейірімділік пен әділдік мекені Тақырыбы: Дос болайық бәріміз. Бағдарламалық міндеттері: Білімділік: Балалар адалдық пен әділдік туралы айта алады.,олардың құндылық ретіндегі мәнін ұғындыру. Дамытушылық: Өзара сыйластық қарым –қатынастарын дамыту. Тәрбиелік:Қиянат жасамау рухани-адамгершілік құндылық арқылы жаупкершілікке,ақниеттікке, кеңпейілділікке тәрбиелеу 1.Ғажайып сәт 2.Әңгімелеу Үш жолдас (В.Осеева) 3. картотека №14
--	--	--	---	--

	балаларды мейірімділікке, жанашырлыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу. 1.«Қай ертегі?» жаттығуы. 2.«Тізбек» ойыны. 3.Балаларды жұлдызшалармен мадақтау. Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Дауысты, дауыссыз дыбыстар Мақсаты:Балалар дауысты дыбыс ерекшелігін қолдана біледі..Жаттығулар орындату арқылы дауысты дыбысты айта алады. Тәрбиелік: Дұрыс әрекет рухани-адамгершілік құндылық арқылы әдептілікке, сыйластыққа, әділдікке тәрбиелеу. 1.Жасырын сөзді тап Суретпен жұмыс Дәптермен жұмыс	Тәрбиелік: Қиянат жасамау рухани-адамгершілік құндылық арқылы жауапкершілікке, ақниеттікке, кеңпейілділікке тәрбиелеу Сұрақ жауап Сергіту сәт Картотека №4 «Сыйқырлы суреттер»	сипаттай біледі.. Балалардың қызығушылық, есте сақтау, қабылдау, ойлау қабілеттері дамыды. Тәрбиелік: Қиянат жасамау рухани – адамгершілік құндылық арқылы балаларды қамқолыққа, жауапкершілікке, тәртіпке тәрбиелеу. Сұрақ жауап Сергіту сәт Көрме ұйымдастыру	.
--	---	---	---	---

ПЕРСПЕКТИВТІК ЖОСПАР

«Жұлдыз» мектепалды даярлық тобы 2021 жыл қараша айы

Өтпелі тақырып: « Біз еңбекқор баламыз »

Тәрбиешілер: Тажикенова Г.Т

Мақсаты: Балаларға денсаулықтың қымбаттылығын, өмір сүру қажеттілігінің бағалы байлық екенін түсіндіру. Денесін шыңдауға, шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы, талғампаз да қанағатшыл, таза да әдемі болуға тәрбиелей отырып, білім беру, шығармашылық қабілетін дамыту, сөйлеу шеберліктерін жетілдіру.

Міндеттері: Денсаулықты сақтау және нығайту туралы білім беру. Өзін - өзі тәрбиелей білу, жағымсыз іс - әрекеттерден аулақ болу. Салауатты өмір салтына тәрбиелеу

I апта					
